WWW.AZRETSULTAN.KZ FACEBOOK.COM/AZRETSULTAN.KZ

ЯСАУИ МҰРАСЫ

Республикалық мәдени-танымдық газеті. 2016 жылғы 14 қазаннан шыға бастады. №2 (4) ақпан 2017 жыл

Түркі әлемінің мәдени астанасы – Түркістан

Түркістан қаласын Түркі әлемінің 2017 жылғы мәдени астанасы болуына орай қаңтар айының 23 күні Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінде облыс әкімі Жансейіт Түймебаев, ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов және Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері департаменті директорының міндетін атқарушы Алмаз Нұразханның «Түркістан – Түркі әлемінің мәдени астанасы» аясында өткізілетін іс-шаралар жоспарына үш жақты қол қою рәсімі өтті.

Айта кетсек, наурыз айынан бастап Түркістан қаласында аталған шараның салтанатты ашылу рәсімі өтеді. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз тойы мерекеленіп, түркітілдес ұлттар арасындағы бауырластық байланыстар мен достықты, түркілік мәдениет пен өнерді ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, оны әлемге таныту мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады.

Аталған жиын аяқталған соң ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов пен Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері департаменті директорының міндетін атқарушы Алмаз Нұразхан Түркі әлемінің мәдени астанасы – Түркістан жеріне ат басын бұрды. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының директоры Жандос Әубәкір келген қонақтарға музей құрамындағы көне тарихи-мәдени ескерткіштер жайлы қысқаша баяндап,

«Түркістан – Түркі әлемінің мәдени астанасы» аясында өткізілетін іс-шараларға белсенді түрде атсалысатынын жеткізді.

«Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайының баспасөз қызметі

СҮЙІНШІ!

«Әзірет Сұлтан» – сала көшбасшысы!

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы 2016 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық бизнес-рейтинг бағдарламасының «Өрлеу қарқыны» номинациясында Қазақстан музейлері бойынша «Сала көшбасшысы» атағына, «Алтын» рейтингісіне ие болып Халықаралық сертификатпен және арнайы «Алтын қыран» медалімен марапатталды.

Ұлттық бизнес-рейтингі – Қазақстан, Ресей, Беларусь, Украина мемлекеттер одағының негізіндегі рейтингілеудің жыл сайынғы жалпы мемлекеттік тәуелсіз бағдарламасы. Бұл бағдарламаның еңбек марапаттары әр сала кәсіпорындары мен мекемелерінің қызметіндегі жоғары көрсеткіштері мен Қазақстан мемлекетінің дамуына қосқан үлесі үшін беріледі.

2016 жылы «Әзірет Сұлтан» қорық мұражайында бірқатар маңызды шаралар өткен болатын. «Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері» V халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференция және 22-23 қыркүйек аралығында дәстүрлі «Ясауитану» халықаралық білім байқауы болып өтті. Бұл маңызды іс-шараларға Англия, Түркия, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан Тәжікстан, т.б. шетелдерден және отандық ясауитанушы ғалымдар және республикамыздың түкпір-түкпірінен оқушылар қатысты. Бұдан бөлек қорық-мұражайда 30-дан астам дөңгелек үстелдер мен кездесулер ұйымдастырылды. Жыл бойына мұражайымызда жылжымалы және тұрақты көрмелер өткізілді. Көрмелердің саны – 62.

«Сала көшбасшысы» халықаралық сертификаты «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының атқарған еңбегіне берілген жоғары баға және жаңа жетістіктерге ынталандыру болатыны анық.

«Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайының баспасөз қызметі



Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің Тәңірі берген несібесі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен.

Тұранның тарихы бар отты желдей,
Заулаған қалың өрттей аспанға өрлей.
Тұранның жері менен суы да жат,
Теңіздей терең, ауыр ой бергендей.

Тұранның егі-шексіз шөлі қандай,
Теңіздей кемері жоқ көлі қандай!
Тұранның дария аталған өзендері
Тасыса, шөлді басқан селі қандай!

Тұранның таулары бар аспанға асқан,
Мәңгіге басын аппақ шаштар басқан.
Бауырында ерке бұлақ салады ойнақ,
Жаралып таудан аққан салқын жастан.

Шөлдер бар, жел де жүрмес, сап-сары құм,
Моладай ешбір үн жоқ мәңгі тып-тын.
Болмақ па жан-жануар шексіз шөлде,
Сары құмда салар ойнақ пері мен жын.

Тұранның теңіз дерлік көлдері бар,
Шалқыған егі-шетсіз Теңіз, Арал.
Бір шетте қасиетті Ыстықкөлдің
Бауырында дүние көрген түрік көкжал.

Ертеде Оқыс, Яқсарт – Жейхун, Сейхун,
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.
Киелі сол екі су жағасында
Табасың қасиетті бабаң бейітін.

Тұранның Тянь-Шаньдай тауы қалай,
Пар келмес Тянь-Шаньға таулар талай!
Еріксіз ер түрікті ойға аларсың
Көкке асқан Хантәңіріге қарай-қарай.

Балқашты бауырына алған Тарбағатай,
Жоталы, жер кіндігі – Памир, Алтай.
Қазығұрт қасиетті тау болмаса,
Топанда Нұх кемесі тоқтар қалай?

Тұранның жері де жат, елі де жат,
Құйындай бастан кешкен күші де жат!
Тұранды түгелімен билеп тұрған
Ертеде ертегі хан Афрасияб.

Ежелден жер емес ол қарапайым,
Білесің, тарихты ашсаң Тұран жайын.
Тұранға қасиетті құмар болған
Ертеде Кей-Қысырау мен Зұлқарнайын.

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?
Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік киял,
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?!

Тумайды адамзатта Шыңғыстай ер,
Данышпан, тұңғиық ой, болат жігер.
Шыңғыстай арыстанның құр аты да
Адамның жүрегіне жігер берер.

Шыңғыстан Шағатай, Үкітай, Жошы, Төле
Атаға тартып туған бәрі бөрі.
Шыңғыстың қол бастаған екі көзі –
Жолбарыс Сұпытай мен көкжал Жебе.

Тұранның билері бар Тарағайдай,
Сол биден Темір туған от боп ойнай.
От шашып жер жүзіне Ақсақ Темір,
Жарқ етіп өте шыққан найзағайдай.

Тұранды мақтамаймын тіпті текке,
Онсыз-ақ Тұран таныс талай шетке.
Сырласқан үйде отырып аспан-көкпен
Білгіш аз жеткен жүйрік Ұлықбекке.

Асыл қан-қасиетті түрік қаны,
Сол қаннан – Ибн-Сина Әбуғали.
Молдығы білімнің сиқыр дерлік,
Дүниеге мұндай адам туды ма әлі?

Түріктің кім кеміткен музыкасын,
Фараби тоғыз ішекті домбырасын
Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,
Жұбанып, кім тыймаған көздің жасын?!

Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,
Түріктен басқа от болып жан туып па?
Көп түрік енші алысып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?

Арыстан елге Отан болған Тұран,
Тұранда қазағым да хандық құрған.
Қазақтың қасқа жолды Қасым ханы
Тұранның талай жерін билеп тұрған.

Әділ хан аз болады Назардайын,
Алашқа Есім ханның жолы дайын.
Тәукедей данышпан хан құрған екен
Басында Күлтөбенің Құрылтайын.

Бұл Тұран ежелден-ақ алаш жері,
Тұрансыз тарқамаған алаш шері.
Тұранның топырағында тыныштық тапқан
Алаштың арыстаны – Абылай ері...

Тұраннан Сарыарқаны бөлек деме,
Түркістан алты алашқа болған Кебе.
Тұранның топырағын құшып жатыр
Кешегі ердің ері көкжал Кене.

Шер батса — кім іздемес туған елін,
Тұлпар да көксемей ме туған жерін?
Арқанын ардагері - қалың алаш,
Тұран да, біле білсең, сенің жерің!

Қырағы Тянь-Шань мен Памир, Алтай,
Күтеді көптен сені қарай-қарай.
Кене мен Абылайдың жолын қумай,
Жапанда жайылудың мәні қалай?!

Ертеде Оқыс, Яқсарт-Жейхун, Сейхун,
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.
Киелі - сол екі су жағасына,
Болмаса, барсаңшы іздеп бабаң бейітін!

Мағжан ЖҰМАБАЕВ

Елбасының үндеуіне байланысты жиын өтті

2017 жылғы 31 қаңтарда «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы мәжіліс залында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Отандық телеарналар арқылы Қазақстан халқына 2017 жылғы 25 қаңтарда «Билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі» жасаған арнайы Үндеуін талқылау мақсатында жиналыс өтті. Жиналысқа «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайының толық құрамды қызметкерлері қатысты.

Жиналысты «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайының директоры Ж.Әубәкір жүргізді. Жиналыс барысында қорық-мұражай қызметкері Б.Байболов арнайы үндеуге байланысты баяндама оқып, қойылған сұрақтарға жауап берді. Жиналыс қатысушылары алда тұрған конституциялық реформаларды толығымен құптап, барлық қазақстандықтарды белсенді азаматтық позиция ұстануға үндеді.

Жиын соңында қорық-мұражай директоры Ж.Әубәкір билік өкілеттіктерін Парламент пен үкіметке бөліп беру оларға деген сеніммен қатар, Парламент пен Үкіметтің, Президент және халық алдындағы жоғары жауапкершілікте болуын білдіретінін тілге тиек етті.

«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің баспасөз қызметі

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ІЛІМІНДЕГІ «БИЛІКТІҢ КИЕЛІЛІГІ» ҰҒЫМЫ → 2

ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІНІҢ АРХЕОЛОГИЯ САЛАСЫНДА ЗЕРТТЕЛУІ → 3

ҰЛТ МӘДЕНИЕТІНІҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІ - ОЮ-ӨРНЕКТЕР → 4

XIX-XX ғасырлардағы «Түркістан жинағы»

Әсем ОРЫНБЕКОВА,
«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» РМҚК-ның ғылыми қызметкері



Түркістан өлкесінің бай табиғаты, тарихы, оны мекендеген халықтардың тұрмысы мен мәдениеті зерттеушілерді ертеден-ақ қызықтырған болатын. Зерттеу жұмыстары Орталық Азия Ресейге қосылғаннан кейін жанданып жүре бастады. Материалдық базаның және қаражаттың жоқтығына қарамастан көптеген орыс ғалымдары өз қаражаттарына ғылыми экспедициялар ұйымдастырып, пайдалы қазбаларды, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, сондай-ақ Орталық Азия халықтарының тарихы мен этнографиясын зерттеп, Түркістанда ғылымның дамуына зор ықпал жасады. XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Түркістан тарихы жайлы жазба деректер арасында 594 томдық «Жалпы Орта Азия,әсіресе Түркістан өлкесіне қатысты мақалалар мен шығармалардың Түркістан жинағы» ерекше орын алады. «Түркістан жинағы» – Орталық Азия, оның ішінде Түркістанның патшалық Ресей жаулап алғанға дейінгі және одан кейінгі тарихы туралы жан-жақты орыс және шет ел баспасөз беттерінде жарияланған материалдар жиынтығы.

Түркістан генерал-губернаторлығының бірінші генерал-губернаторы К.П. Кауфман (1818-1882) 1867 жылы Түркістан өлкесі және онымен шектес елдер жайлы барлық баспасөз материалдарын жинауға және оларды жүйелендіруге жарлық береді. Бұл жарлықтың шығуына патша өкіметінің Қазақстан мен Орталық Азияны жаулап алғаннан кейінгі өлкенің отарланды, игерілуі мақсатында Ресейдің отар билеушілері мен іскер топтары Түркістан өлкесі мен онымен шектес елдер жайлы әртүрлі ақпараттарға мұқтаж болуы түрткі болады. Бірінші кезекте оларды отар елдің экономикалық мүмкіншілігі және табиғи байлығы қызықтырды. Сонымен бірге, орыс зиялы қауымы Түркістанның тарихи және рухани өмірін танып-білуге ұмтылады.

Түркістан өлкесі Ресейдің мәдени орталығы – Петербордан тоқсан күндік қашықтықта орналасқан, көпшілікті өте көп қызықтырғанмен, аз зерттелген аймақ еді. Ал өлке туралы баспа материалдары мүлде жүйеленбеген болатын. К.П. Кауфман жоғарыдағы жарлығын орындауды библиограф В.И. Межовқа (1831-1894 ж.ж.) тапсырады. IX ғасырда өмір сүрген белгілі орыс библиографы В.И. Межов жан-жақты білімді,өз ісінің білікті маманы еді. Ол Санкт-Петербургте орналасқан Императорлық көпшілік кітапханасында жұмыс істейді. «Литература русской географии, статистики и этнографии» (1866) және «Библиографический указатель русской археологической литературы» (1868) және т.б. 100-ден астам еңбектердің авторы. Осы себепті оған отар Түркістанның әкімшілігі осы өлке мен оған шектес елдерге қатысты барлық газет, журнал басылымдарын, сонымен қатар осы тақырыптағы орыс және шет ел зерттеушілерінің ғылыми еңбектерін қамтыған «Жинақты» құрастыруға өтініш білдіреді. Межов «Жинақты» құрастыруға 20 жылдан астам уақыт жұмыс жасайды. Оның Санкт-Петербургте тұрақты тұруы Ресейдің барлық басылымдарында жарияланған кітаптар мен газет және журналдарды қадағалауға мүмкіндік береді. Түркістан генерал-губернаторлығынан бөлінген қаражатқа Түркістан өлкесі жайлы жазылғандардың барлығын тауып жинайды. Межов іргелі еңбектерді ғана емес, сонымен қатар көлемі шағын мақалаларды да жинайды. Жиналған газет мақалалары қиып алынып, ақ қағазға, ал журнал және кітаптар түптері сөгіліп, жекеленген беттері қағазды рамаларға жапсырылған. Әрбір томдықты оқиға желісімен және хронологиялық бірізділікпен жүйелендірген.1867-1880 жылдар аралығында В.И. Межов 250 томдықтарды, 1881-1887 жылдары 166 томдықтарды құрастырады. Жылына орта есеппен 21 томнан құрастырған. «Межовтық» немесе «Жинақтың» бірінші бөлімі аталған 416 томдықтарда 4713 атаулар қамтылған. Шығыстанушы Н.Вакулов «В.И.Межов құрастыруындағы Түркістан жинағы» мақаласында «белгілі Біздің библиограф В.И.Межовтің Түркістан генерал-губернаторлығы үшін құрастырған «Түркістан жинағы» тауяда бізге қосылған өлкенің тарихына және оның мүддесіне арналған үлкен басылым», деп өз бағасын береді. Түркістан өлкесін зерттеуші Д.И.Логофет «Түркістан жинағы және оның маңызы» атты мақаласында «В.И. Межовтің орасан жұмысы оған тек даңқтылық қана әкелген жоқ, сонымен қатар өз зерттеулеріне пайдаланатын зерттеушілер оған зор ризалықтарын білдіреді. Орта Азияға қатысты мәселелерді зерттейтіндер алдымен Межовтің «Түркістан жинағымен» танысады», – деп еңбектің маңыздылығын жазады.

В.И. Межов «Жинақтың» 416 томдықтарына «Орыс және шет ел тілдеріндегі мақалалар мен шығармалардың әріптік және жүйелілік көрсеткіштерін» құрастырады. Әріптік көрсеткіштер үш бөлімге: библиографияда кездесетін авторлар көрсеткіші; жер-су аттары көрсеткіші; шет ел авторларының көрсеткіші болып бөлінеді. Көрсеткіштерде материал жарияланған басылымдарға сілтеме беріледі.

Барлық материалдар жүйелілік көрсеткіште былайша топтастырылған: I. Жалпы Орта Азия: 1) Тарихи, географиялық және саяси мазмұндағы шығармалар; 2) Орта Азия елдеріне саяхат және әр түрлі ғылыми экспедициялар; II. Орта Азия ерекшеліктері: 1) Орыстардың ОртаАзияда иелік етуі; а. География, статистика және этнография; б. Тарих; в. Саяси-экономикалық және құқықтық ғылымдар; г. Ауыл шаруашылығы және өнеркәсібі; д. Технология; е. Жаратылыстану және математика ғылымдары; ж. Медицина; з. Библиография, тіл білімі; 2) Ресейге бағынышты емес Орта Азия иеліктері.

Төңкеріске дейінгі Түркістан тарихының білгірі, академик В.Р.Розен: «Түркістан жинағының көрсеткіштері Орта Азияның өткені мен бүгінгісін зерттейтіндердің қолдан түсірмейтін кітабы болуы керек», – деп өз ойын айтады.

1884 жылы Түркістан генерал губернаторы И.О.Розенбах Межов құрастырған «Жинақтың» құндылығы мен толықтығына күмәнданып, ең бастысы бұл жұмысқа бөлінетін қаражат мәселесін тексеруге тоқталады. Шығыстанушы ғалым И.П.Остроумов пен библиограф Н.В.Дмитровскийге «Жинақпен» танысып, оны құрастыруды жалғастырудың қаншалықты пайдалы екендігіне қорытынды жасауды тапсырады. Екі ғалымның бірігіп жазған «Записки члена комиссий о составлений Туркестанского сборника» қорытынды мәлімдемелерінде Межов еңбегінің кемшіліктеріне тоқталады. Осы мәлімдемеге сүйенген генерал-губернатор И.О. Розенбахқа жыл сайын 660 рубль бөлу тым көп шығын болып көрініп,«Жинақты» құрастыру 1888 жылы тоқтатылады. Осылайша, өлкеге қатысты кітап және баспасөз материалдары жиырма жыл уақыт бойы жиналмады.1907 жылы отаршыл Түркістан әкімшілігі өлке жайлы деректерді жинастырудың пайдалылығын ойластырып, «Түркістан жинағын» құрастыру жұмысын қайта қолға алады. Құрастыруға библиограф ғалым Н.В. Дмитровский, белгілі этнограф А.А. Диваев, Түркістан көпшілік кітапханасының меңгерушісі И.П. Зыков, шығыстанушы ғалымдар Ю.Ф. Бонч-Осмоловский, А.А.Семенов, И.И.Гейер т.б. қатысады. В.Дмиторовскийдің басшылығымен 1907-1909 жылдар аралығында Ташкентте «Жинақтың» 127 томдығы шығарылады. Ол «1867-1887 жылдардағы Межов құрастырған «Түркістан жинағына» енбеген Орта Азия жайлы материалдардың көрсеткішін» құрастырады.

Осылайша, «Түркістан жинағы» тарихында «Петерборлық» немесе «Межовтық» кезеңін ендігі жерде «Ташкенттік» кезеңі алмастырады. «Жинақты» құрастырудың барлық жұмыстары Түркістан көпшілік кітапханасында жүргізіледі. Ғылыми материалдарды табу үшін құрастырушылар жан-жақтағы Ресей баспасөз редакцияларына, статистикалық комитеттеріне және ғылыми мекемелерге сұрау салады.

Ташкенттік кезеңі «Жинақтың» аты «Орыс және шет ел газеттеріндегі хабарлама мен мақалалардың Түркістан жинағы. Жинақ генерал-губернатордың тапсыруы бойынша құрастырылды» – деп өзгертіледі. Шығарылған жері – Ташкент деп жазылады. Ташкенттік кезеңдегі «Жинақтың» 127 томдықтарындағы материалдар жүйелендірілмеді және хронологиялық бірізділік сақталмады. Көптеген томдықтардың мазмұны берілмеді. Бұл мақалалардың алғашқы дерегін табуға қиындық туғызады.

1907-1909 жылдары 127 том шықса, сонда орта есеппен жылына 42 том шығарылған. (Ал, Межов жылына 21 томнан шығарған.) Құрастыру жұмысының санының осынша артуы оның сапасының төмендеуіне әсер етті. 1910 жыл «Жинақты» құрастыруға бөлінетін қаражат жағынан қиындық туып, бір жылға жұмыс тоқтатылады. 1911-1916 жылдар аралығында көрнекті шығыстанушы А.А.Семеновтың басшылығымен «Жинақтың» 48 томдығы шығарылады. Ол алдыңғы құрастырушылардың әдістерін қайта қарап, газет үзінділерін жинауды тоқтатады. Оған себеп болған XX ғасырдың басында газет шығару ісі кең өріс алады. Бір қаланың өзінде үш-төрт газет шығарылды. Олардың бәрін қадағалау мүмкін емес еді. Сонымен қатар, ірі ғылыми шығармалар журнал беттерінде және жеке кітап болып басылып жатты. А.А.Семенов «Жинақтың» әрбір томын арнаулы тақырыптарға арнады. Мысалы: үш томы – археология, жеті томы – география, бес томы – этнография, төрт томы – геология т.б. мәселелеріне арналып құрастырылды.Атақты этнограф, фольклоршы ғалым А.А.Диваев құрастырған 566, 567, 568, 569 томдықтар қазақ тарихына, этнографиясы мен фольклорына арналды.

А.А.Семенов құрастырған «Жинаққа» авторлардың өздері әкеліп тапсырған еңбектері енгізілді. Отыз жеті томдыққа оның өзі мазмұндама жазды. Осылайша деректердің жүйелігімен және іріктелу негізінде алдыңғыларға қарағанда «Жинақ» жоғары деңгейде құрастырылды. 1916 жылы А.А.Семеновтың Ташкенттен басқа жаққа көшуіне байланысты «Түркістан жинағын» құрастыру жұмысы тоқтатылады.

1939 жылы Өзбекстанның көрнекті библиограф-өлкетанушысы Е.К.Бетгердің редакциялауымен «Түркістан жинағының» соңғы үш 592, 593, 594 томдықтары шығарылды. Бұл томдықтарда Қазан төңкерісіне дейін баспадан шыққан М.А. Терентьевтің «История завоевания Средней Азий с картами и планами» үш томдық еңбегі енгізілді. Осыдан кейін «Жинақты» құрастыру тоқтатылады.

«Түркістан жинағының» 594 томдықтары түгелдей Өзбекстан Республикасы Әлішер Науаи атындағы Мемлекеттік кітапханасының сирек қолжазбалар бөлімінде сақтаулы.«Түркістан жинағының» мазмұны өте бай және әралуан. «Жинақта» Қазақстанның Ресейге қосылғанға дейінгі және кейінгі өмірінің әрқилы қырларын сипаттайтын құнды, аса бағалы материалдар бар. Онда патша әскерлерінің Қазақстанның Оңтүстігін және Оңтүстік Шығысын жаулап алуын патшалық отаршыл әкімшілік жүйесінің құрылымын, атап айтқанда, патша өкіметінің отарлау саясатын бейнелейтін,осы саясатқа қарсы шыққан халық өкілдері жайлы деректер топтастырылған. «Жинақта» «Военный сборник», «Русский мир», «Русский инвалид», «Вестник Европы», «Голос», «Русские ведомости» т.б. әртүрлі газет-журнал Қазақстанға қатысты іріктеліп алынған мақалалары кең көлемде қамтылған. Сонымен қатар «Жинақта» Қазақстанның табиғаты, кен-байлықтары, шаруашылығы, экономикасы, этнографиясы, рухани-мәдени және діни өміріне қатысты деректер де қамтылған. Кейбір зерттеушілер «Түркістан жинағын» құрастырушылар сол уақыттағы өлке жайлы басылғандарды толықтай жинай алмаған деп есептейді. Дегенмен, бұған қарамастан, «Түркістан жинағы» – Орта Азия оның ішінде Түркістан жайлы өте құнды өлкелік-библиографиялық еңбек болып табылады.

4-ші ХИКМЕТ

Жылап дұға қылам саған

Рахымыңнан мен ғаріпті шет қалдырма,
Тынбай мезгіл жылап дұға қылам саған.
Ояу болам боялғанша ақ таң нұрға,
Жұмбай көзді жылап дұға қылам саған.
Дәргейіңе келдім, міне, белім байлап,
Жүрек, бауырым өртке толып, жаным қайнап.
Орны толмас өкініш салып қанымда ойнақ,
Ықыласпен жылап дұға қылам саған.
Жастық-бақта күте алмаппын көңіл гүлін,
Қарттық шақта сөндіріппін өмір нұрын.
Дін жолында жеңілдер ме менің жүгім? –
Иә, құдірет, жылап дұға қылам саған!
Осы жолда болмайды екен жан күтуге,
Жан күткенді күтеді алдан мәңгі түрме.
Безіп барлық пайдалардан хал бітуде,
Осы күйде жылап дұға қылам саған.
Құл Қожа Ахмет нәпсі-шыңнан асты жайлап,
Фана филлаһ мақамына басты байлап,
Жүрек, бауырым аласұрып тасты қайнап,
Осы күймен жылап дұға қылам саған.

Иассы ауылының тұрғындарымен кездесу

Биылғы жыл Түркістан – Түркі әлемінің мәдени астанасы болуына орай «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» Түркістан қалалық әкімшілігімен бірлесіп 2017 жылы музейге қарасты Түркістан аумағындағы 12 ауылдық округтерде орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштер бойынша танысу-түсіндіру жұмыстарының жоспары бекітілген болатын.

Осы жоспар аясында 13 қаңтар күні Иассы ауылдық округінің тұрғындарымен кездесу болып өтті. Кездесуге Түркістан қалалық Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ж.Ибрагимов, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» директорының міндетін атқарушы Е.Есжан, Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және археология бөлімінің меңгерушісі М.Қ.Тұяқбаев, Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау бөлімінің инспекторы Ж.Әбсадық, археолог Қ.Мұсабаевтар қатысты.

Іс-шара барысында ауылдық округте орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштер презентация арқылы көрсетіліп, ескерткіштерді қорғау және сақтау бойынша арнайы заң мен бұйрықтар таныстырылды. Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау, сақтау, насихаттау бағытындағы жұмыстар әрі қарай өз жалғасын таба бермек.

«Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайының баспасөз қызметі

Қожа Ахмет Ясауи іліміндегі «биліктің киелілігі» ұғымы

М.ИСАЕВ,
«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» РМҚК-ның ғылыми қызметкері

Қазақ дәстүрлі тарихи ойының қалыптасуы мен дамуы жайлы Қазақстан және шетелдік зерттеушілердің еңбектері аз емес. Әйтсе де, ол зерттеулерде тарихи жадтың ерекше формасы ретінде шежірелік деректерге жеткілікті мән берілмеді, олардың ақпараттық қатпарларындағы тарихи оқиғалар мен дәйектердің ғылыми талдау нысанына айналмауынан түркі-ислам рухани құндылықтары негізінде қалыптасқан қазақ халқының этникалық болмысы толық ашылмай келеді.

Шежірелік дәстүрдің тарих дереккөзі ретіндегі құндылығы күмән туғызбаса керек. Шежірелер өз дәуірінің ақпараттарын бойына жиған дереккөз болуымен бірге белгілі бір кезеңнің мәдени ескерткіші де болып саналады. Содан да дәстүрлі қазақ тарихындағы тарихи оқиғалар мен құбылыстарды, күрделі этносаяси өзгерістердің мәнін шежірелік деректерді кезеңге бөлу арқылы айқындауға болады. Осы мәселеге байланысты шежірелік деректердің қалыптасуындағы түркілік негіздер мен исламдық ықпалдың ара-жігін ажырату, олардың кірігуінің Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ілімімен сабақтастығы айқындалады.

Түркілер ислам дінін VIII ғасырдың екінші жартысында қабылдады. Осы кезеңде түркі-исламдық Қарлұқ-Қарахан, Оғыз мемлекеттері тарих сахнасына шықты. Бұл мемлекеттердің дүниеге келуімен ислам діні түркі халықтарының дәстүрлі қоғамына ықпал етуші факторға айналды. 951 жылы Сатуқ Бұғра хан Абд ал-Каримнің ислам дінінің дәстүрлі бағытын қабылдауы түркілерді ислам әлемінің құрамдас бөлігіне айналдырды. Түркілердің тілі мен дәстүрлі мәдениеті күрделі трансформациялық процесті бастан өткерді. Дәстүрлі түркі қоғамының ішкі қатынастарын реттейтін жүйенің шариғат үкімдерімен алмастырылуы түркілік әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің қолданыстан шығуына әкелді. Көнеден келе жатқан экзогамдық (сыртқы) некелік қатынас өзгертіліп, оның орнын эндогамдық (ішкі) некелік қатынас басты. Рулас, қандас адамдар арасындағы некелік қатынастардың түркі қоғамына енуі дәстүрлі түркі қоғамындағы рулық, тайпалық жүйелердің ыдырауына әкелді. Біртіндеп түркілерде мемлекетті басқарудың парсылық жүйесі қалыптасып, абсолютті билік жүйесі орнады.

Ал, Ислам дінінің сопылық бағыты йасауи тариқатын мемлекеттік дін ретінде қабылдау – Алтын Орда мемлекетінде қайта құрулар әкелуімен қатар, халықтың ерік-жігерін айқындайтын басты рухани фактор болып қалыптасты. Йасауий тариқатының мемлекеттік идеология болып қалыптасуы ислам тарихында бұрын болмаған, Құран аяттары мен Пайғамбар хадистеріне барынша жақындатылған билік жүйесін қалыптастырды. Осы кезеңде Мұхаммед пайғамбар мен оның серіктерінен кейінгі ислам тарихында алғаш рет саяси билік пен рухани билік арасында теңдік дәрежесі қойылған, біріне-бірі мойын ұсынатын биліктің екі жүйесі де аттап өте алмайтын ортақ төреші – шариғат билік құрған дәуір дүниеге келді. Ханы да, қарасы да, би де, байы да шариғатқа бағынған билік жүйесі құрылып, осы кезге дейін қалыптасқан билік жүйесі толығымен өзгерді. Хан сайлауына, өзге де күрделі мәселелерге қатысты шақырылатын Жошы әулетінің құрылтайы қызметін тоқтатты. Хан жеке заңды билік иесі ретінде тақ мұрагерін өзі тағайындайтын болды.

Мемлекеттік биліктің киелілігі көне түркі қоғамында қалыптасып, этнос дүниетанымының құрамдас бөлігіне айналған. Түркілік танымда таққа отыру немесе хан көтеру «көкке шығу» сияқты қасиетті мәнге ие болған. Түрік қағандары «көкте болған», «көкте таққа отырған» және «қағандық үлесі мен бұйрығын да көктен алған» ерекше жандар болып саналған. Қағанды «ақ киізге» салып, «көкке көтеру», «айналдыру» рәсімдері арқылы қаған көкке көтерілгендей, Тәңір тарапынан таққа отырғандай болады. Осы жерде ескеретін бір мәселе – қаған болу үшін түрік тегінен, онда да оның тегі, тұқымы, шежіресі анық болуы, руы да ең құдіретті рудан болуы керек. Биліктің киелілігі мұнымен шектелмейді. Қағанның міндеті – халықтың қарнын тоқ, киімін көк, бай қылу. Осындай қызмет атқара алған Білге қаған: «Шығындаған халықты бай қылдым, Жалаңаш халықты тонды қылдым» деп мақтанышпен жазған. Киелі билікке ие болған қағандардан жауапкершілік те талап етілген. Қағанның қателігі немесе адасуы байқалған жағдайда оны сайлаған көсемдер билеушіні тақтан тайдырып отырған. Құтлығ Шадтың осындай бастамасын Тоныкөк «қайта тірілу» немесе ренессанс деп қарайды. Өйткені, бұл жаңа қаған, жаңа жүйе, жаңарған ел деген сөз.

Биліктің киелілігі туралы осы дүниетаным Алтын Орда кезеңінде ислам діні ықпалымен трансформацияланды. Осы кезеңде биліктің тек Шыңғыс хан әулетіне тиесілігі туралы түсінік қалыптастырылып, ол түсінік ислам дінінің билік туралы талаптарымен сәйкестендірілді. Тарихи тұрғыдан мемлекеттік басқару ісі көне түркілік билік жүйесімен байланыстырылды. Исламда жаратушының жердегі билігін жүргізуші билік иесіне бағынудың өзі киелі, діни парыз ретінде қарастырылған. Өйткені, ислам дінінде абсолюттік билік иесі тек Ұлы Алла. Оның жердегі әміршісіне бағыну, сол Ұлы Жаратушының өзіне бағыну болып табылады. «Ей, сенім білдірушілер! Аллаға және оның елшісі мен өз араларындағы билік етушіге бағыныңдар» деген Құран аяттарында айтылатын талаптар толығымен жүзеге асырылды. Сөйтіп, Өзбек хан өзінің мұсылман қауымына билік жүргізу құқығын толығымен заңдастырды.

Шыңғыс хан ұрпақтары билігінің киелілігін тарихи тұрғыдан заңдастыру да өзекті мәселелердің бірі еді. Өйткені, түркілерде «биліктің киелілігі» мәселесі өте қатаң бақылауға алынатын. Билеуші әулеттен шықпаған билеушілерді түркілер ешқашан мойындаған емес. Оған мысал ретінде Түргеш қағаны Сулықтың түркілік билеуші әулет өкілі болмағандықтан, өз билігін заңдастыру үшін, Батыс Түрік қағанатының билеушілері болған Ашина әулетінен әйелдікке қыз алуы соған дәлел бола алады.

Сол кезеңдегі Шыңғыс әулеті билеушілері Алтын Орданы билеген Өзбек ханның да, Иранды билеген Ғазан ханның да түркілердегі биліктің киелілігі туралы талабын жақсы түсінгенін көреміз. Шыңғыс хан шежіресін көне түркілік билеуші Оғыз хан әулетінен таратуы соның айғағы. Бұл ұстаным Ғазан хан тапсырмасымен жазылған Рашид ад-дин Фазуллах ибн Әбу-л-Хайр Әли Хамаданидің қаламынан шыққан «Жамағат-Тауарих» атты кітапта толық көрініс тапты. Ол кітапта Шыңғыс хан Оғыз хан әулетінен шыққан шығыс түркілік билеушілер әулетінен екендігін негіздейді. Демек, Шыңғыс хан әулетінің билігі түркі халықтарына сырттан келген жүйе емес, керісінше, қарахандық, оғыздық билеушілерден кейінгі көне түркілік билік жүйесін заңды түрде қалпына келтірілуі болды.

Бұл процесті көптеген зерттеушілер дәл анықтағанымен, оның толық мағынасын көрсетіп бере алған жоқ. Мысалы, В.П.Юдин Алтын Ордада бұл идеологияның қалыптасуын шамандық, буддалық, мұсылмандық концепциялар мен Шыңғыс ханның мемлекет туралы доктринасының бірігуінен пайда болды деп есептеді және ол көзқарастар жүйесін «чингизизм» деп атады. Ал, зерттеуші И.Л.Измаилов «чингизизм» деп аталған бұл көзқарастар жүйесінің саяси сана құрылымында өз орны бар екенін айта отырып, бұл құбылыс тек Шыңғыс хан әулеттерінде ғана емес, басқа еуропалық, азиялық билеушілер арасында осындай идеологияға сүйенген билеушілер болғандығын, олардың қатарында француз императоры Ұлы Карл, норвегтерде «мәңгі патша» Олаф, чехтарда «әулие патша» Вацлав сияқты тағы басқа билеушілер болғандығын атап көрсетті. «Егерде, – дейді ол, – біз бұл құбылысты тарихи тұрғыдан қарайтын болсақ, онда «чингизизм» – саяси қауымдастықпен билеуші әулет арасындағы бірлікті көрсететін тәнірлік қуат иесінің саяси бейнесі» болып шығады.

Алтын Ордадағы биліктің киелілігі мәселесі осылай діни тұрғыдан да, тарихи тұрғыдан да қамтамасыз етілгеннен кейін, оны мемлекеттің құрылымдық жүйесін қайта құру арқылы нығайту мәселесі қойылды. Сөйтіп, Өзбек хан жүргізген реформа рулық, тайпалық құрылымды ғана емес, билер институтын да қайтадан қалпына келтірді. Өйткені, бұл екі құрылымның бір-бірінсіз өмір сүруі мүмкін емес еді. Алтын Орда мемлекетіндегі қоғамдық құрылыс тарихын зерттеген Г.Федоров-Давыдов Өзбек хан тұсында Алтын Ордадағы исламдандыру мен рулық-тайпалық құрылымдарды қайта құру процестері қатар жүргенін айтады. Ол Алтын Ордада жүрген процестерді былай тұжырымдайды: «Изучая письменные источники в части, относящейся к кочевникам Дешти-Кипчака XIII в., мы не могли не заметить те же две тенденции: с одной стороны, нарушение старых родо-племенных отношений ... смешение различных родов и племен в результате хозяйствования монголов; с другой – выделение устойчивых образований, в основе которых, видимо, лежали общности, исторически сложившиеся еще до завоевания, т.е. этнические общности. Взаимоотношения этих двух тенденций и определили тот, «синтез» старого и нового после монгольского завоевания, т.е. реальную картину исторического развития номадов Золотой Орды.». Бұл жерде зерттеуші Жошы ұлысында болған күрделі процесті дәл анықтайды. Сонымен қатар, рулық, тайпалық құрылымдарды қалыптастырудағы қандық принциппен бірге діни идеологиялық бірлік қойылғандығын айтқан жөн.

Биліктің киелілігі ұғымы Қазақ хандығы тұсында йасауи шайхтарының уағыздарынан берік орын алып, ақын-жыраулардың поэзиясы арқылы ел арасында кеңінен насихатталды. Сонымен бірге, йасауи тариқатына деген қатынас Қазақ хандығының өркендеуі мен құлдырауының барометріне айналды. Дәстүрлі деректерге жасалған талдаулар көрсетіп отырғандай, Өзбек ұлысының өркендеуі Әбілқайыр ханның йасауи тариқатының ұстанымдарына адал болған кезге сай келсе, оның қуатты держава билігін уыстан шығарып алуы осы ұстанымдардан сырт айналуы кезеңіне сай келеді. Сол сияқты Тәуекел мен Есім ханның да 300 туысымен бірге Самарқанд қаласында нақшбанди тариқатының пірлеріне қол тапсыруы (1598 ж.) да Қазақ хандығының іргесін шайқалтты.Тарихи даму процесінің белгілі бір заңдылығына айналған бұл құбылыстың жауабын Ясауи мектебінің үлкен өкілдерінің бірі Хазини Сұлтан Ахмет Махмудтың (XVI ғ.) «Жауахар-ул абрар» рисаласынан табамыз. Осы рисалада ол Йасауи тариқаты бойынша сопылық кемелдігін анықтайтын төрт шарттың қатарында «рабт-и сұлтан» категориясын атайды. Онда «ең бастысы тариқаттың тіршілігін жалғастыру үшін мұсылман билеушінің тариқатқа көңіл бөлуі тиіс. Патша тариқат жолының қамқоры, өйткені, патшаның баяндылығы әулиелердің дұғасына байланысты. Патша көңіл бөлсе, тариқатқа сүйеу болады. Демек, бұл заңдылықтың сыры – йасауи тариқатының негізінде қалыптасқан мемлекеттік, әкімшілік және рухани құрылым ретінде қазақтың дәстүрлі қоғамында мемлекеттік билік қанша киелі болса да, билеушінің «киелінің киелісі» саналған діни-рухани негізден қол үзуі немесе алшақтауына бұқара халық төзе алмады. Қазақ хандығында жиі орын алған саяси өрлеу мен құлдыраулардың себебін дәстүрлі тарихи таным осылай түсіндіреді.

Жошы ұлысынан бастап Қазақ хандығы кезеңін қоса алғанда, Қожа Ахмет Ясауи негіздеген сопылық тариқат тұтастай діни-рухани процестердің өзегіне айналды. Дәстүрлі дереккөздердің мәліметтері қазақ тарихындағы түркілік негіздер мен исламдық ықпалдың симбиозы рулық-тайпалық құрылымнан мемлекеттік тұтастыққа қол жеткізгендігін айғақтайды. Сол сияқты, қазақ халқының менталитеті, шаруашылық-мәдени типі, ұлттық психологиясы йасауи тариқатының діни-рухани және мәдени-саяси ұстанымдары бойынша қалыптасқанын көреміз.

Ислам мәдениетінің археология саласында зерттелуі

VII ғ. соңы мен VIII ғ. ортасында Ислам діні Орталық Азия мен Оңтүстік Қазақстан территориясына біртіндеп жайыла бастады. Ислам дінінің Оңтүстік пен Жетісуда орнығуына 751 ж. арабтардың қарақытайлармен болған шешуші шайқасы үлкен рөл атқарды.

Марат ТҰЯҚБАЕВ

Ислам дегеніміз тек діни-рухани әдет-ғұрыптардың жиынтығы ғана емес, ол тарихтың алып қабаты, мәдениеттің қалың жолағы, көпғасырлық үрдістердің жиынтығы, адамгершілік заңдарының жинағы. Қазақ халқының тарихы мен мәдениетінде ислам діні үлкен рөл атқарды. Оның ықпалымен мәдени үрдістер, тұрмыстық және моральдық талаптар, сенім-наным жолдары және мифтік-поэтикалық аңыздар қалыптасты. Ислам діні орныққан соң да, жергілікті халықтың діни наным-сенімдердің әдет-ғұрыптары сақталып қалды, олардың түрі өзгергенімен исламмен тығыз байланысып қатар өмір сүруін тоқтатқан жоқ. Олардың қатарына жан туралы анимистік көзқарастардың элементтерінен құралған ата-баба аруақтарына деген сенім жатады, ол өз қатарында қорым-мазарлар мен қасиетті әулиелерге деген наныммен тығыз байланысады. Ислам дінінің басты элементтері қатарына әрбір мұсылманның жеке сыйынуы – намаз, өз еркімен тамақ, су ішуді азайту – ораза тұту, діни мейрамдар – Ораза айт, Құрбан айттарды атап өту, Мүсәпір мүскіндерге жәрдем беру – пітір, садақа және қасиетті жерлер-мазарларға зиярат ету жатады.

Адам өміріндегі негізгі құбылыстар: некеге тұру, балалы болу және жерлеу салтдәстүрлері де тиісті діни әдет-ғұрыптармен тығыз байланыста өтеді.

Археология ғылымы еліміздегі ислам дінінің орнығуы мен әдет-ғұрыптарына қатысты көптеген діни-рухани ескерткіштер, заттар тауып, тарих беттерін толықтыруға зор үлес қосып келеді.

Ислам дініне қатысты артефакттар Қазақстан территориясында IX-X ғғ. бастап көптеп кездесе бастайды. Діни әдет-ғұрыпқа қатысты дәрет алатын құмғандар, шылапшындар XII-XIII ғғ. көптеп кездессе, араб әріптерімен түрлі тілектер, діни сөздер мен дұғалар жазылған ыдыс-аяқтар Қараханидтер кезеңінде, яғни X-XII ғғ. деңгейіндегі мәдени қабаттардан өте көп табылады. Сонымен бірге, діни-наныммен байланысты тұмар, көз моншақтар, тәспі тастары да кездесіп отырады. Көптеген нумизматикалық табыстар алтын динарлар, күміс фулустар мен мыс дирхемдердің беттерінде діни тілектер, Алланың есімі т.б. жазылып отырғанын байқаймыз, бұл үрдіс ислам діні толық орнығып, мемлекеттік идеологияда айтарлықтай ықпал ете бастаған XIII-XV ғғ. барынша күшейді.

Ал, қала құрылысы мен сәулет өнеріне қатысты ескерткіштерге келсек мұнда да ислам дінінің ықпалы ерекше болғанын көреміз. Жоғарыда айтып өткен әулиелер мазарына байланысты мына бір қызық жайды байқаймыз. 1945-1948 ж.ж. жұмыс істеген Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы әрбір сопылық мұсылман әулиесіне тиесілі мазарлар мен қасиетті деп аталып кеткен адамдардың кесенелері жанында дуахан-емші, порхан-бақсылардың әлі күнге қызмет етіп келе жатқанын анықтаған, бүгінде оларды шырақшылар деп атап жүр.

Әрбір қыстақ не ауылдың маңында әдетте бір қасиетті ағаш, немесе тас, кейде бұлақ және т.б. болатынын, ал, кейбіреуінде нағыз әулиенің қабірі не мазар және оны қоршаған көне қорымның бар екенін анықтаған. Мұндай көрініс ті Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданынан бүгінде де байқау қиын емес. Мұндағы әрбір ауыл не селоның маңында міндетті түрде бір әулие жерленген және олар тарихта болған адамдар.

Ең алғашқы әулиелердің мазарлары мен кесенелері осы өлкенің Сайрам, Созақ, Шаян, Қызылқұм, Түркістан аудандарында орналасқан, олардың бірнешеуін атасақ Баба Түкті Шашты Әзиз, Баба ата, Арыстан баб, Ибраһим ата мен Қарашаш ана, Ахмет Ясауи, Жүсіп ата, Шайдайы шайх, Сағди Уаккас, Тағайын ата және т.б. Қасиетті ағаштарға келсек Қарнақтағы жасы 1000 жылдан асқан Мажра тұтты, құдыққа келсек Арыстан баб, Гауһар ана құдықтарын, бұлаққа келсек Жылаған ата бұлағын айтуға болады.

Екінші бір археологиялық жолмен аршылған ислам мәдениетіне қатысты құрылыстарға мешіттер жатады.

Әзіргі күні археология ғылымының арқасында Қазақстандағы ең ерте мешіт орны Тараз қаласынан табылып отыр. Ол 893 ж. бұрын басқа дінге қызмет еткен ғибадатхананың мешітке айналдырылып қайта салынған түрі. Екінші бір осы Тараз мешітімен қарайлас салынған мешіт Отырар маңындағы Кедер қаласынан табылды. Ол жайлы X ғ. өмір сүрген араб тарихшысы әл-Макдиси жазып кеткен болатын. 1980-ші жылдары академик К.М. Байпақов бастаған археологтар қаланың ортасынан, басты көшелердің қиылысында орналасқан көлемі 36,5 х 20,5 м мешіттің қирандысын тапты.

Әдетте кең көлемді археологиялық қазба жүргізілген ортағасырлық қалаларда мешіттер жиі кездеседі. Мысалы, Отырардағы XV ғ., Саурандағы XV ғ., Түркістандағы XIV-XIX ғғ. жататын Жәудір ана, Сығанақтағы XVI ғ. жататын мешіттер соңғы он жылдықтарда ғана аршылып зерттелді. Сонымен бірге, Түркістандағы Хан ордасына қарама-қарсы орналасқан Махаллә мешітінің басқалардан өзгеше құрылымы бізді елең еткізді. Мұндағы күмбезді, михрабты орталық залға құбыла (оңтүстік-батыс) беттен жалғастыра «мақсура» бөлмесінің салынуы бұрынсоңды кездеспеген құбылыс.

Тарихтан хандар мен қала билеушілерінің өздеріне арнайы жасалған жеке жайы бар мешіттерге ғана барғаны белгілі. Алғашында михрабтың жанына арнайы панджарамен қоршалып жасалатын бұл жай «мақсура» деп аталған, ол құрылыс Омеядтар заманынан белгілі. Кейінірек мұндай жайлар мешіттің негізгі бөлмесіне жабыстырыла сыртынан салынатын болған (көбіне михрабтың артына).

Бұл жайлы Б.Д.Кочнев: «...в этом процесе было устройство у михраба Максуры для правителя, вначале, по-видимому временной, а затем уже и более основательной», – деп жазады. Біздің махаллә мешітінің көрші орналасқан Хан ордасына арналып салынғанын осы мақсура бөлмесінен байқаймыз, оның өз имамы, өз михрабы бар, өз ауласы, есігі, тахаратханасы да бөлек болған.

Үшінші бір діни құрылыс-медресе, олар көбіне мешіттермен қатар орналасады. Әзіргі күні археологиялық қазба барысында толық аршылып, тұмшаланған медресе деп Сауран медресесін айтамыз. Соңғы жылдары Түркістан қаласының рабадында орналасқан Жәудір ана мешітінің ауласынан да кезінде екі қабатты, 20 бөлмеден тұрған медресе қалдығы аршылды. Мұнда бүкіл Қазақстан мешіттеріне арнап Құранды жатқа білетін қарылар дайындалғаны тарихтан белгілі.

Төртінші діни құрылыстардан қазба барысында мавзолей-кесенелерді де көптеп кездестіреміз.

Оңтүстік Қазақстандағы археологиялық зерттеуден өткен кесенелерге Айша бибі, Жүсіп ата, Жалаулы ата, Шайдайы шайх, Хисамиддин кесенелерін жатқызуға болады. Олар Тараз маңында, Иқанда, Сауранда, Шорнақта және Сығанақта орналасқан. Қазіргі күнге дейін жеткен Арыстан баб, Қожа Ахмет Ясауи, Әли қожа ата кесенелері де кезінде археологиялық зерттеуден өткен болатын. Тек Ахмет Ясауи кесенесінің айналасынан ғана Қазақ хандығы тұсында салынған Есім хан кесенесі, Сегіз бұрышты кесене және үш жер асты сағанасы (кесенелердің жер асты бөлігі) аршылып қайта жаңғырудан өтті. Рабия Сұлтан Бегім кесенесі де археологиялық зерттеу мен көне фото және графикалық суреттер негізінде қайта қалпына келтірілді.

Міне, көріп отырғанымыздай Археология мен ортағасырлық діни сәулет өнері бір-бірінсіз толыққанды жұмыс істей алмайтын ғылым мен өнердің екі саласы болып табылады. Археология ғылымы болашақта өз зерттеулерінің ауқымын кеңейтіп ислам мәдениетіне қатысты әлі де талай ескерткішті ашатынына сенімдеміз.

АМАНАТ

Мұхаммед (с.ә.у) пайғамбар дүниеден өтерде біраз сахабаларын, серіктерін жинап: «Енді төрт жүз жылдан соң, әулетімнен бір ізбасар дүниеге келмек. Соған аманатымды қайсың тапсырасыңдар» – дейді, өтінішті жүзбен: Әттең, мен тапсырар едім-ау, ғұмыр жетпейді-ау деп, мұңайыпты Арыстан баб. Сол кезде, жасы үш жүздің шамасында екен. Ендеше, шарапаты кең Алла тағаладан сыйынып сұралық депті Мұхаммед (с.ә.у) пайғамбар.

Бір түйір құрманы беріп тұрып,

– Шығысты бетке алып жүре берсең, іздеген жағыңды табарсың – дейді.

– Арыстан баб абдырап қалды.

– Тақсыр, мен ол баланы қалай танымақпын?

– Мұхаммед тәтті қиялға беріле жымиды:

– Ол бала сізді өзі іздеп табады.

Көп ұзамай адамзаттың абзалы Мұхаммед пайғамбар да бақилық болды. Жылдар жылжып өте берді. Арыстан баб шөл далаларды, гүлзар алқаптарды, талай-талай қалаларды басып өтіп, Түркістан аймағына да жетті. Бабаның жатса тұрса ойлайтыны – Ұлы пайғамбардың аманатын табыстау еді. Бір күні әбден қартайған Арыстан баб жұма намаздан қайтып келе жатты. Кенет көпірден өтер тұста назарына ерекше бір баланың жанарынан айрықша бір нұрды аңғарды.

– Ата, аманатымды беріңіз?

Іздегені осы бала екеніне ұлы сахабаның көзі енді анық жетті.

– Шырағым атың кім?

– Ибрагим шайқтың баласы Ахмет боламын.

– Ә, атың Ахмет екен, ішің толы хикмет екен, аш аузыңды.

Осы сәт, төрт жүз жыл тілінің астында, тісінің қуысында сақтаған құрма сүйегі бала Ахметтің аузына ұшып кірді. Құрма сүйегін жұтып жіберген балаға, Арыстан баб ренжіңкіреп қалды.

– Шырағым, 400 жыл аманатты сақтаған маған ең болмаса бір ауыз жылы сөз айтуға жарамадың-ау деді, назаланып,

– Ата, бар шырынын сіз алып, маған сүйегін қалдырыпсыз, жарайды, Алла тағаладан тілейтіндер сізге келіп түнесін, бізге келіп тілесін ендеше, әумин деп бетін сипады бала.

Дуалы ауыздан шыққан ұлағатты сөз жүйесін тапты. Алыс-жақыннан ат артып жеткендер алдымен Арыстан бабқа, сосын оның сүйікті шәкірті Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне соғып, зиярат етеді. Бұл да бір үлкенге деген ілтипат, ұстазға деген құрмет болса керек.

Музей қоры құнды жәдігерлермен толығуда

Н.ӘШІРБЕКОВА,
Қор бөлімінің меңгерушісі

Музей қоры негізінен археологиялық қазбадан табылған заттар мен көпшіліктің өздері алып келген заттарды сатып алу және сыйға берілетін заттар арқылы толықтырылып отырады.

Музей қорын толықтыру мақсатында археолог, этнограф, нумизмат, текстолог мамандардың қатысуымен құрылған зат сатып алу комиссиясы тұрақты жұмыс істейді. Қор және қорға зат сатып алу комиссиясы қорда жоқ, сирек кездесетін археологиялық, этнографиялық, нумизматикалық және сирек кездесетін құнды кітаптардан тұратын заттарды саралап талдап қабылдап отырады.

Соңғы жылдары музей қорының археология тобына түскен құнды жәдігер жебе ұшы деректерде Жошы ұлысының XIII-XVғасырлардағы садақ жебелерінің ұшы ретінде берілген. (Горемин М., Измаилов И.Военное дело Улуса Джучи. Казань, 2009.С.397) Екінші бір дерек Ю.С.Худяковтың «Вооружение кочевников Южной Сибири «Центральной Азии в эпоху развитого средневековья» атты еңбегінде тап осыған ұқсас жебелердің қыпшақтардың да, қырғыздардың да қару жарағында кездесетіні туралы айтылған.

Археология тобының қорын толықтырған соңғы жәдігерлерді ғылыми-зерттеу бөлімінің меңгерушісі Ғани Искаков сыйға тартты. Музей қорының археология тобында қазіргі күнге дейін полеолит дәуірінің тас құралдары Қаратау, Боралдай, Қарасу, Ашел дәуіріне қатысты Қосқорған және Арыс тұрақтарынан табылған тас тілікшелер мен жаңқалар, қырғыштар мен өзектастардың 40-қа жуық түрі болса, енді 43 дана ежелгі полеолиттің ашель (700-150-120 мың жыл бұрын) дәуірінің тас құралдары сынатастар мен өзектас жәдігерлерімен толықты.

Қорға қабылданған Арыс ауданы, Байырқұм совхозы, Аққала елді мекенінен кездейсоқ табылған көмбенің арасынан музей қорында жоқ немесе 1-2 нұсқалары ғана сақталған үлгілері таңдалып алынды. Таңдалып алынған жәдігерлердің 25 данасы археологиялық, 128 данасы нумизматикалық заттар. Мамандардың болжамы бойынша жебе ұштары б.з.д. V-IV ғасырлар және ерте ортағасырларға тән заттар. Нумизматикалық 128 дана заттың 117 данасы мыс, қоладан соғылған болса, 11 данасы күміс ақшалар. Нумизматика қорына биылғы жылы түскен 11 дана тиында өте құнды, мұражай қорында жоқ XIV-XVIғғ. жататын Өзбекстан мен Жетісу жерін билеген Әділ Сұлтан тұсында, Алтын Орда ханы Құлпа хан, Тоқтамыс хан және Орыс хан тұсында соғылған пұлдар әсіресе КК №4074 номерімен алынған тиын бетінде «Жаһан…р…хан» деген жазба бедерлері сақталған монета өте сирек кездесетін типтер қатарынан. Дәл мұндай үлгі ешқандай әдебиеттермен басқа да дерек көздерінен кездеспегенін, сақталып қалған жазба бедерлеріне қарағанда, Қазақ ханы Жәңгір хан атымен соғылған мыс ақша болуы мүмкін дейді нумизматика тобының қызметкері Толқын Жолдасов.

Жазба ескерткіштер тобына қабылданған кітаптардың ішінен пайғамбарлардың абзалы Мұхаммед (с.а.у) жайында оның миғражға (көкке) көтерілуі, имандылықтың шарттары, әулиелердің кереметтері, қабір азабы, қиямет күнінің жағдайы, сират көпірі, шәкірттің пірге қол тапсыруы туралы мәліметтер берілген «Ақырет баяны» кітабы, х.ж. санағы бойынша 1285 (1868-69) жылдар аралығында Мұстафа Мұхаммед Хан баспасынан басылып шыққан «Шырақ ілім сәулесі» кітабы, «Диуани хикмет» үлгісімен жазылған «Қожа Хафиз дивандары», «Фикх ілімі» сияқты құнды кітаптар жазба ескерткіштер қорын толықтыра түсті.

Сондай-ақ, музей қорына жиі түсетін жәдігерлердің бірі зергерлік әшекей бұйымдары мен тұрмыстық заттар. Зергерлік әшекейлерді жасаушы әр шебердің әртүрлі өзіндік қолтаңбасы болатындықтан ұлттық нақышын бұзбаған, қазіргі кезде қолданыста жоқ әшекей бұйымдары да нағыз қолөнер туындылары болып саналады.

Қор бөліміне жинақталған өткен дәуірдің, немесе белгілі бір кезеңнің тарихынан, мәдениетінен мол мағлұмат беретін құнды дүниелерді әрі қарай жәдігерге айналдыру, жан-жақты зерттеп-зерделеу, көпшілікке таныстырып насихаттау музей ғылыми қызметкерлерінің жұмысы.

Мәмбет аталық

Динара АРЫНОВА
«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының ғылыми қызметкері

Қазақ елі тәуелсіздігін алғалы біршама тарихи тұлғалар жайлы зерттеулер жүргізіліп келеді. Еліміз былтыр қазақ хандығының 550 жылдығын атап өтті. Қазақ хандығы құрылғалы халықтың басынан небір жақсы да жаман да замандар өтті. Мәселен, Қасым хан тұсында қазақ хандығы күшейіп, территориясы жағынан едәуір кеңейді және қиын қыстау «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдарын, жоңғар шапқыншылығын т.с.с. басынан өткерді. Ал қазақ халқының басын құрап хандық жүйені өз деңгейінде басқара білген қазақ хандарының астанасы Түркістан қаласы болды. Түркістан топырағына қазақ халқының игі жақсылары мен жайсаңдары хан, билері және батырларының жамбасы тиген. Осындай қазақ хандығының нығаюына өз үлесін қосып, халқының тағдырына алаңдаған тұлғалардың бірі Шөмекей Мәмбет аталық болған. Мәмбет Аталықтың өміріне, қызметіне тоқталмас бұрын, аталық сөзінің шығу төркініне аз-маз тоқтала кетуді жөн көрдік. Жалпы Атабек – (түрік-атабег) Селжұқ сұлтанының мирасқорларын тәрбиелеуші әрі олардың қамқоршысы дегенді білдірсе, аталықты – 1-нұсқа – ертедегі Бұхар жұртында хандардың ақылшы қариясы; 2-нұсқа – бұрынғы қазақ ауылдарында батағой ақсақалы; 3-нұсқа – ізгі жақсылықты білдіретін ұғым деп атап өткен. Ал Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» еңбегінде атабек – ханзадалардың тәрбиешісі десе, аталық – «заступивший место отца», высшее должностное лицо при наследнике престола» – деп көрсеткен.

Аталық түркі халықтарының хан ордасында тақ мұрагерлеріне әскери тәрбие беретін және ақиқаты жоғары мәртебелі адам. Ерте орта ғасырда (7-8 ғ. Одан кейін 15-19 ғ.) Түрік, Батыс Түрік, Қимақ, Қыпшақ, Оғыз, Тоғыз Оғыз, Қырғыз, бертінгі Хиуа, Бұхара, Қоқан Қазақ хандықтарында Аталықтың лауазымын алған адамдар аз болмаған. Аталық сөзсіз бұдан басқа да ұғымдары бар.

«Аталық» – көне түрік тілінде – ата, әкенің орнындағы адам, ақылшы аға. Бұл атау түркі заманынан бастау алатын және түркілерде де әлеуметтік институттар болды, соның ішінде аталықтардың ролі зор болған. Оғыз тектес халықтарда – атабек; орыс тіліндегі деректерде – дядька, лучший человек, т.б. мағынада кездеседі. Шығыс деректері бойынша ең толық көрсеткіш жасаған Брегель мен Бұхар хандығы туралы тамаша зерттеу еңбектің авторы Анке фон Кюгельман аталық ұғымына мынадай анықтама береді : «Аталык (тюркоязычн.: отцовство») в Золотой Орде и при ее прямых преемниках занимал место воспитателя принца и отвечал также за домашнее хозяйство своего подопечнего; кроме того, аталык мог служить также хану в качестве советника и доверенного лица в военных и административных вопросах».

Орта ғасырлық Шығыс тарихы бойынша белгілі маман А.Якубовский Бұхар хандығының билік құрылымын сипаттай келе аталықтардың орнын ерекше жоғары бағалайды: «В XVII веке в Бухарском ханстве сформировался довольно сложный аппарат управления. Первое место в чиновной иерархии занимал ближний и первый человек, как его звали русские, аталык, т.е. ханский дядька или воспитатель. В документах XVII века он выступал с чертами первого министра. Второе место после аталыка занимал диванбеги, т.е. министр финансов, ведавший сбором дани – харадж, и составлявший дафтары т.е. податные списки; он же принимал у иностранных послов грамоты для вручения хану. На третьем месте после аталыка занимал парванчи..., на четвертом – дадха ...». Бұхар хандығының лауазымдар сатысында билер – жетінші, ал батырлар – он бесінші орынды иеленеді.

Сонымен, аталық атауы Бұқар хандығы саяси құрылымының ең негізгі элементтерінің бірі деп атауға болады. Дәл осы сияқты мысалдарды өзімізге көрші болған Қоқан хандығының да мемлекеттік тарихынан көрсете аламыз. Аталық қазақ хандарының барлығында болған. Атап айтар болсақ, Хақназар ханның аталығы Арыстан болған. Арыстанның ұрпағы Барқы Тәуке ханның аталығы болса, Барқының ұрпағы Нияз батыр Әбілмәмбет ханның аталығы болған. Ауызша бағы бір деректерге қарағанда «Аталық» көбінесе нағашы жұрттан тағайындалатын көрінеді. Аталық қызметі хан тағының мұрагерлігіне билік технологиясын және әскери өнерді үйренумен шектелген жоқ. Құрбанғали Халидтың мәліметіне қарағанда оның билік құзіреті қатарындағы уәзірден де жоғары болғандығын атап өткен. Тіпті оның жарлыққа хан құқығындай қол қоюға да құзыреті болған.

...Ел ішінде есімі аса құрметпен аталатын сар даланың сар жонынан үзіліп естілетін аңыз бен шындық иесінің бірі Шөмекей Мәмбет аталық. Мәмбеттің адамгершілігі мен ақылдылығына тәнті болған халық оның есіміне аталықты қосып беріпті. Аталық Шығыс елдерінде жалпы, оның ішінде қазақ елдерінде де қамқоршы, ақылшы деген мағынаны береді. Нақтылай айтсақ, бұл атақ ханның ұлдарын тәрбиелеуші дегенді білдіреді, кейіннен хан сарайындағы шендік атаққа айналған.

Енді Мәмбет Аталықтың шежіресіне тоқталсақ. Қарақожа ұранды Қаратамырдың Қожас деген баласынан – Қоңыр, Бекен, үшінші әйелі әлім руының қызы Мұнарбикеден Құттығай, Семетей туады.

Құттығайдың бәйбішесі Қарақалпақ еліндегі қазақ қызы Арзыгүлден Есенгүл, Бұлғақ, Қайдауыл, Жалаң туады. Бұлғақтың бәйбішесі Қара кетенің қызы Сарыжамалдан Бәйімбет, Қазымбет, екінші әйелі Аспан руының қызы Кенжеден Мәмбет, Тәттімбет, Өтей туады. Бұлғақтың бес баласын Алшын қауымы – «Бес Бұлғақ» деп атаған.

Бұлғақтың бес баласының басшысы Мәмбет болған. Мәмбет Аталықты бір деректе «Аталық» десе енді бір деректерде батыр, би деп көрсеткен. Ал. Мәмбет Аталықтың өмір сүрген жылдары әр деректе әртүрлі. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жазылған тақтада 1690-1769 жж. деп көрсетілсе, жазушы, ғалым Ж.Мұратбаев Мәмбетті батыр деп көрсетіп, оның дүниеге келген уақытын 1689 жылы көктемде Сырдың төменгі ағысындағы Алшын елінде дүниеге келгендігі туралы айтады. Мәмбет Аталық туралы деректердің барлығында Сырдың бойында дүниеге келгендігі жайлы деректер бар. Сонымен қатар ол жас кезінен ат құлағында ойнаған шабандоз палуан жігіт болғандығы және он сегіз жасында ол Аспан Еспамбет байдың ұрпағы, Алдоңғар байдың кіші қызы Қаршыға есімді бойжеткенге үйленгендігі жайлы айтылады.

Мәмбет Атфалықтың үш баласынан тараған ұрпақтар бүгінде Бұхар, Тамды, Кинемех өңірлерінде, Қызылорда, Ақтөбе облыстарында, Қарақалпақ жерінде тұрады.

Мәмбет Аталық 1710-1748 жж.жоңғар шапқыншылығында батырлығымен көзге түседі. Жоғарыда атап өткендей Аталықтың бойында батырлық, билік қасиеттері болған. Осылайша қазақ жоңғар арасындағы соғыста жан аямай күрескен. 1748 жылы қазан айында бүкіл қазақ елінің батырлары мен билері қазақ ордасына басын қосып, Жоңғар қалмақтармен соғысты тезірек жеңіспен аяқтау мақсатында Түркістанда кеңес өткізеді. Кеңеске Мәмбет Аталық та қатысқан.

Жазушы, ғалым Ж.Мұратбаев Мәмбет батырды 70 жасында 1759 жылы ораза айында қайтыс болды деп жазады. Біздің тақташадан 10 жыл айырмашылығы бар. Халық жиналып, ақ жуып ардақтап Қожа Ахмет Ясауи кесенсіне жерлейді.

Мәмбет Аталық жайлы біршама деректерді «Әзірет Сұлтан» қорық мұражайына зерттеуші, этнограф Тынышбек Дайрабаев жіберген болатын. Бұл деректерде де Мәмбет Аталықтың ел ішіндегі істері мен батырлығы жайлы біршама мәліметтер берген.

Ел басшысының қоласында аталық кеңес беру екінің бірінің қолынан келе бермейтіндігін ескерсек, Мәмбет бабаның ірі тұлға болғанын пайымдау қиын емес. Мәмбет әрдайым Кіші жүз ханы Әбілхайырдың қасынан табылып, оның көрші орыс патшалығымен қарым-қатынаста болуына атсалысты. Бұл жерде Мәмбетті би деп көрсеткен.

Ұлы дала кемеңгерлері көршілес Орталық Азиядағы халықтармен, хандықтармен бейбітшілік бітімдер жасады. Жоңғарға табан болғанша, орысқа бодан болуды қалаған. Осы негізде 1738 жылдың 3 тамызында Әбілхайыр хан мен баласы Ералы және ру басылары ант беріп қол қойғандардың ішінде Мәмбет Аталық та бар.

1738 жылдың 3 тамызында Орынбор шекаралық комиссиясының бастығы В.Н.Татищевтің қабылдауында болған Әбілқайырдың 12 биінің бірі – осы Мәмбет аталық екендігі жиі айтылып жүр. Яғни ант берген ру ақсақалдарының, билерінің ішінде (56 адамың бірі) Кіші жүз алшын, шөмекей – Мәмбет аталық Бұлғақ баласы да бар. Ант қабылдау құжатына Әбілхайыр хан мен баласы Ералы сұлтанның мөрлері басылып, билер қолдарын қойған. Мұны «Айқап» журналында «Қазақ қай заманында Россияға қосылған» атты М.Сералин (1913 ж) мақаласынан оқыптанысуға болады. Жазба деректе осылай жазылып қалса, ауызша деректер де бұдан алшақ емес.

Мәмбет аталық туралы айтқанда, жазғанда оның шығу тегі мен жасы ғана емес, қазақ халқы үшін атқарған еңбектерін, халық ісіне араласқан саясаткер, қайраткер болғанын қалың қауымға жеткізген абзал. Біріншіден, Еділ бойыдағы қалмақтар мен башқұрттар, түркменде, Жоңғар алатауындағы қоңтайшылар елді бүліншілікке ұшыратқан тар кезеңде Әбілқайыр көршілес, іргелі Ресейге бодан болу келісімін білдіргенде, сол тұстары хан саясатын қолдаған адам. Кіші жүздің шөмекей тайпасының атынан антқа қол қойған екі адамның бірі. Бұдан Мәмбет аталық хан мен халықтың арасында ықпалды адам екенін тани түсеміз.

Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін оның орнына Нұралы Сұлтанды хан етіп сайлауға генерал-губернаторға арнайы хат жазып, үндеуге қол қойғандардың ішінде басы Жәнібек тархан болса, үндеуге қол қойғандардың бірі де Мәмбет аталық. Және де Әбілқайырдың өлімін анықтауға белгіленген төрт бидің бірі болып тағайындалған. Ол Әбілқайыр ханның ұсынысымен 1723-1724 жылдарғы қазақ даласында өткен «Бұланты», «Білеуті», «Аңырақайда» жоңғар қонтайшыларының жасағымен болған ұрыстарда қазақ қолбасшының кеңесшісі болған.

Мәмбет аталық қыс айында Арқа жақта қайтыс болып оны «аманаттап» жер қойнына тапсырады. Күн жылып, тоң ерігеннен шақта «аманат» дегені Қожа Ахмет Ясауи мавзолейіне әкеліп жерлейді. Бүгінде оның есімі қазақтың хан, сұлтан, билерімен бірге жазылған.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

Түркістан – түркі әлемінің мәдени астанасы

2017 жылдың 11 қаңтар күні «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының Кітапхана бөлмесінің оқырмандар залында «Түркістан – түркі әлемінің мәдени астанасы» тақырыбында тұрақты кітап көрмесі ашылды.

Түркі мәдениетінің халықаралық ұйымы - ТҮРКІСОЙ биыл өзінің 20 жылдық мерейтойын кең ауқымда атап өтуді көздеп отыр. Осыған орай, түбі бір түркі жұртының ортақ материалдық және мәдени игілігін сақтап, дамыта отырып, болашақ ұрпаққа аманат етуді көздеген түркітілдес елдердің халықаралық ұйымы, тарихи көне Түркістан шаһарын түркі әлемінің мәдени астанасы - деп жариялады.

Көрме экспозициясына 1866-1872 жж. орыс жиһанкезі А.Кунның «Түркістан альбом» кітабы, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқынында», «Бейбітшілік кіндігі», қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойына орай шыққан «Қазақ хандары», отандық және шетелдік ғалымдардың Түркістан жөнінде жазған кітаптары қойылды. Сондай-ақ, 1866-1872 жж. түсірілген А.Кунның «Түркістан альбомы» кітабынынан фотосуреттер мен тағы басқа құнды кітаптар көрме экспозициясынан орын алды.

Жағымды жаңалықтар жалғасуда

2016 жылдың қорытындысы бойынша, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының Экскурсия және насихат бөлімінің меңгерушісі Н.Таңатаров көрнекті еңбек жетістіктері, оңтайлы тұрғыдан мәселе шешу, өз ісіне берік болғаны және жоғары кәсібилігі үшін «Жыл қызметкері» атағына ие болып халықаралық сертификатпен марапатталды.

Қорық-музей басшысы Ж.Әубәкір «Жыл қызметкері» атанған Н.Таңатаровты марапатымен шын жүректен құттықтап, алдағы уақытта қажырлы еңбек етіп табысқа жете беруіне тілектестігін білдірді.

«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің баспасөз қызметі

Әкімдер де жете мән бере бастады

Түркістан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштерді таныстыру-түсіндіру жұмыстары бойынша 2017 жылғы 26 қаңтарда Қарашық ауылдық округінің әкімі Ф.Айтметовтың ұйымдастыруымен әкімдіктің кеңсе залында тұрғындармен кездесу болып өтті. Кездесуге «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» РМҚК директорының ғылыми істері жөніндегі орынбасары, Е.Есжан, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және археология бөлімінің меңгерушісі М.Қ.Тұяқбаев, Түркістан қалалық Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Д.Ибрагимова, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау бөлімінің инспекторы Ж.Әбсадық, қорықшы Н.Назаров қатысты.

Іс-шара барысында Е.Есжан «Тарихи-мәдени мұра обьектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі заңымен және де ҚР Мәдениет және спорт министрінің бұйрықтарын таныстырды. М.Қ.Тұяқбаев Қарашық оазисіндегі орналасқан ескерткіштерге қатысты толыққанды мәлімет берді. Инспектор Ж.Әбсадық қорық-мұражай құрамындағы ескерткіштердің тізімге алынуы, қорғалуы, сақталуы жайлы, Қарашық ауылдық округінде орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштер туралы қысқаша баяндама оқыды. Сонымен қатар, қорық-мұражай мен ауылдық округ әкімшілік арасында ескерткіштерді тұрақты түрде сақтау мақсатында қорғау міндеттемесіне қол қойылды. Іс-шара соңында ауылдық округ әкіміне қорық-мұражайдың баспа өнімі «Түркістан өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштер» тарихи-танымдық жинағын сыйға тартылып, тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтар мен ұсыныстарға қорық-мұражай мамандары жауап берді.

«Халық өнері – асыл қазына»

ОҚО тарихи-мәдени-этнографиялық орталықта «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының зергерлік бұйымдарға байланысты жасақталған «Халық өнері – асыл қазына» атты көрменің ашылу салтанаты болып өтті.

Көрменің ашылу салтанатына Қазақстан жастар Одағы сыйлығының лауреаты,Түркістан, Сайрам, Отырар қалаларының құрметті азаматы, Шәмші журналын шығарушы, сазгер Қалдыбек Құрманәлі, орталық директоры Гүлжанат Дюсенбаева, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының директорының міндетін атқарушы Ержан Есжан, Этнопедагогикалық колледж директоры Айғаным Серім қатысты. Көрменің негізгі мақсаты Ұлтымыздың ұлы өнері – зергерлік бұйымдарды насихаттау. Көрме орталықта 1 ай көлемінде көрермендер назарына ұсынылады.

Халық өнері қашанда құнды. Соның ішінде зергерлік өнердің ұлттық мәдениет тарихынан алатын орны ерекше. Өнердің бұл түрінің түп төркіні мыңдаған жыл әріде жатыр. Археология деректеріне қарағанда, Қазақстан территориясында мыс, алтын, тағы басқа асыл және түсті металдарға бай кен орындарын игеру ісінің ежелгі замандарда-ақ қолға алынғандығын айғақтайды.

Ап бердім Әзіреттің тайқазанын

Осы уақытқа дейін дәлелді жүйесін таппай келе жатқан тағы бір жай Мәделіқожаның сауытын жыртып, қарнына тиген оқтың жайы. Майлықожа мен Мәделіқожаның айтысында, Майлықожа:

Сен жаман шыдай алмай ыңыранғансың

Түбінде Түркістанның жалғыз оққа, – дейді.

Өз кезегінде Мәделіқожа:

Мендегі қытайшаның оғы түгіл

Апта сені зарлатқан жиде тіккен, – деп өзіне тиген оқтың шыққан тегін де атап айтады.

Қош, сонымен бұл соғыс, қай соғыс? Осы күнге дейін бұл жайдың беті ашылмай келе жатыр. Мұның сырын ашуға Майлықожаның көңіл сұрап барғанда Мәделіқожа нағашысына қарап:

Түркістанда Қоқанмен Бір күн, бір түн сүрістің,

Ертегі қатар ерлігі

Ондағы өткен жұмыстың – деп айтуынан іздесе болады.

Осында бір тарих шындығы жатыр. Мәделінің:

Қай дұшпан қорықпаушы еді сарынымнан,

Орыс алып басылдым арынымнан,

Ап бердім Әзіреттің тайқазанын,

Сауыт жыртып оқтиді қарынымнан, – деп айтып отырғаны Түркістандағы Құл Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың кесенесіне Әмір Темірдің сауғасы, жеті түрлі темірден құйылған киелі қазан. XIX ғасырдың екінші жарымында осы жәдігерге көз алартқан өзбек ағайындарымыздың жаман пиғылын XX ғасырдың отызыншы жылдарында орыс ғалымдары жүзеге асырып, Ленинград қаласына алып кеткен атақты тайқазан.

Міне, осындай мал ғана емес, ар кететін шақта атқа қонған батыр Қоқан хандығына екінші рет қарсы шығады. Түркістанды қоршап тұрған қолға шабуылға шыққан қазақ қолына қоқан әскері қытайша деп аталатын кішкене зеңбіректен оқ жаудырады. Сол зеңбіректен атылған бір оқтың жарықшағы Мәделіқожаның сауытын жыртып, қарнына тиеді. Ол сауыт осы күні де бар. Қалай болғанда да қазақ қолы тайқазанды қоқандықтарға берместен алып қалғаны рас. Бірақ, бұл жайт осы күнге дейін ашылмай келеді.

Сейіт-Омар САТТАРҰЛЫ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Мәдібек ТІЛЕУБАЙҰЛЫ,
зейнеткер

1. Сөзі қысықтың өзі қысық.
Жаны тазаның ары таза.
2. Ақылы олақтың, тілі шолақ.
3. Жақсы айтылса ойды ой қозғайды,
Тауып айта алмасаң, басыңа әңгір таяқ ойнайды.
4. Қоғамдағы індет жеті басты айдаһар секілді,
Бір басын кессең, екінші басы өсіп шығады.
5. Іріген ауыздан шіріген сөз шығады,
Дуалы ауыздан сүйінген сөз шығады.
6. Орынды, мәнді, мәмілелі сөз,
Орнын тауып, жаныңды жадыратады.
Орынсыз, жүйесіз, күйелі сөз,
Жүйкеңді тоздырып, көңіліңді құлазытады.
7. Әкеңнің шоты нық-нық тиеді,
Жаманның сөзі тық-тық тиеді.
8. Батагөй, данагөй, қазыналы қария талғамды тәлімді ой толғайды,
Қазымыр, қатыгез қария мәнмағынасыз бәлдір батпақ сөз қозғайды.
9. Өтірік ауызға сыйғанымен ақылға сыймайды,
Шындық жасырғанмен айтылмай қалмайды.
10. Әке қымбат, әке сымбат,
Ана – мейірім, ана – шуақ.

ТҮРКІСТАН

ФОТОШЕЖІРЕ



КЕСЕНЕДЕ КІМДЕР ЖЕРЛЕНГЕН?

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде және айналасына жерленген қазақтың хандары, абыз-әулиелері, билері мен батырлары:

(Соңы. Басы №1-3 сандарда)

121. Қарауыл Дүйсен Би Есенберліұлы XVIII ғ.
122. Ботбай Өтепұлы Қарпық батыр 1715-1800 ж.ж.
123. Уақ Әжібекұлы Есенқұл (Жалаңбас) батыр 1690-1766 ж.ж.
124. Тоқпанбет батыр (Қолағаш Баба) Таңғытұлы 1705-1801 ж.ж.
125. Матай Төртқара Апыр батыр 1736-39 ж.ж.
126. Күлен Би XVIII ғ.
127. Өтейұлы Бекбаулы батыр XVIII ғ.
128. Сіргелі Тілеуке батыр 1693/94-1752/52 ж.ж.
129. Тама Бижігіт батыр Бұзауұлы 1719/20-1796 ж.ж.
130. Айдабол Ақпанбай XIX ғ.
131. Жанкісі Тәтімырзаұлы XIX ғ.
132. Қараша Айтбай батыр Сырғақұлы XIX ғ.
133. Қаржас Мырзағұл батыр XIX ғ.
134. Бопай ханым Қасым Сұлтанның қызы XIX ғ.
135. Қожа Әли Мір Оспан Бай XIX ғ.
136. Қоңырат Сырғақ батыр Ниязұлы XIX ғ.
137. Көшек Тәтімырзаұлы XIX ғ.
138. Күлік Айбаспай XIX ғ.
139. Мәнжіғұл Батыр XIX ғ.
140. Найман Алдаберген Тілеуұлы XIX ғ.
141. Тәңірбердіұлы Сақыб-Қонысбай XIX ғ.
142. Үсен Би (Балталы Найман) XIX ғ.
143. Шаштығұл Би XIX ғ.
144. Тобықты Мамай батыр XVIII ғ.-1810 ж.
145. Шоң Би 1754-1836 жж.
146. Жұнайдолла Қожа Нақып 1836 ж.
147. Есенбай Батыр 1778-1844 ж.ж.
148. Қыпшақ Тұрсынбай датқа 1798-1863 жж.
149. Құшетқалиұлы Бекболат XIX ғ.
150. Қоңыршұнақ Ердес Шүренұлы XVIII-XIX ғ.ғ.
151. Бағаналы Бабырби Бөкенбайұлы 1864 ж.
152. ...Әли Акбар Қожа Нақып 1866 ж.
153. Ахмет Файзулла... Кіші Жүз 1866-1867 ж.ж.
154. Сұлтан Махмұд Төре 1870 ж.
155. Байтемір Сұлтан XIX ғ.
156. Молла Қожа Ибн Молла 1871 ж.
157. Имам Жағыпар Қожа Қади 1872 ж.
158. Қонысбайұлы Құлса 1811-1874 жж.
159. Биған Мырза Құрасбайұлы (Спанмырза) XIX ғ.
160. Жетімдер Байзақ датқа XIX ғ.
161. Жетімдер Оразгелді датқа XIX ғ.
162. Тіней Елқонды датқа XIX ғ.
163. Жетімдер Атығайұлы Битабар болыс XIX ғ.
164. Жетімдер Қанай датқа Байгелдіұлы XIX ғ.
165. Әйменбетұлы Түмен Мырза XIX ғ.
166. Байкісі Тәтімырзаұлы XIX ғ.
167. Божбан Қайдауылұлы Мырзабай болыс XIX ғ.
168. Жаппас Қолшабайұлы Қонысбай болыс XIX ғ.
169. Жауғашты Құдас Кілекеұлы XIX ғ.
170. Есей батыр XVIII-XIX ғ.ғ.
171. Саңғыл Дүйсен Би Сауранбайұлы XIX ғ.
171. Саңғыл Күлен Би Үсенұлы XIX ғ.
172. Байжанұлы Уәйіс болыс 1796-1876 ж.ж.
173. Ханнаби Серкеұлы 1768-1878 ж.ж.
174. Қыпшақ Қостанұлы Жантас 1879 ж.
175. Найман Көшербайұлы Дулыға батыр 1836-1890 ж.ж.
176. Қожамқұлұлы Тұрдықұл Би 1894-1895 ж.ж.
177. ...Тәліпбайұлы Қамбар... 1896 ж.
178. Арғын Махамбет 1897-1898 ж.ж.
179. ...Жаппар Мұрат... 1897-1898 ж.ж.
180. ...Тәджірұлы... Белгісіз
181. Жетімдер Айтуар Қажы XIX ғ.
182. Найман Бағаналы Сарыұлы Шоңғара би 1815-1870 ж.ж.

Ұлт мәдениетінің озық үлгісі – ою-өрнектер

Кез келген халықтың өзіне тән ұлттық өнерінің ерекшелігі, нақышы, архитектуралық өзгешелігі болады. Өзге ұлт екінші жұртты осы арқылы танып, мәдениеті мен танымын біліп жатады. Тіпті, өмір сүру салты мен тыныс-тіршілігін де осыдан аңғаруға болады. Бұл қандайда бір халықтың ғасырлар бойы жинаған ұлттық танымының көрінісі. Қазақтың өткенінен хабар беріп, ұлттық ерекшелігін айқындайтын тағы бір құндылығы – оюлары.

Берік БАЙБОЛОВ,
ғылыми қызметкер

Сан ғасырдан бері жалғасып, бүгінге жеткен баба мұрасы әсемдігімен, өзгеше өрнегімен көз тартады. Қаз-қатар қиюласқан нақыштан далалық танымды, көшпенділер өмірін, тіршілігін анық аңғаруға болады. Бұл – сырғыған замандардың сынынан өтіп, қалпын өзгертпей бүгінге жеткен бабалар аманаты.

Есте жоқ ескі заманның естелігі – оюлар жазу-сызу таралмай тұрғанда-ақ пайда болған десе-ді. Тіпті, оның астарында мағына жасырылып, ежелгі адамдар оны оқи білген. Мамандар қазақ оюларының 500-ге тарта түрі барын айтады. Алайда, оның тек 230-ға жуығының ғана аты аталып, түрі тарқатылады. Қазақ оюларының түптөркінінде көшпелі өмір мен табиғат тілі жатыр. Мал шаруашылығын кәсіп еткен бабаларымыз жасаған өрнектер көбіне төрт түлікпен байланысты. Олардың атауы да соған орай «Түйе табан», «Қой табан», «Ит табан», «Арқар мүйіз», «Қошқар мүйіз» деп қойылған. Дегенмен, бұлардың ішіндегі ең көне түрі «Мүйіз» өрнегі десек болады. Қазақтың көп нақыштары осы оюдан бастау алады. Кейін шеберлер оларды түрлендіріп, көркемдеді. Осылайша, эстетикалық жағынан жетілдіре берді. Кейін рулар мен Жүздердің өзіндік үлгілері пайда бола бастады.

Қазақ өрнектері бұйымына қарай оған сән беру үшін әр түрлі таңдалып алынған. Сонымен бірге, тұрмыстық жиһаздар, киім-кешек пен үй жабдығына әр беретін өзіндік өрнектері де болған. Мысалы, «Сынық мүйіз» көбіне алаша, кілем, шилерде қолданылды. Одан бөлек көркемдік үшін киімнің қалтасын да осымен безендірген. Бұл өзге оюлар секілді доғал емес, сынық болып иіледі. Ал мүйізге қатысты басқа өрнектер көптігіне, бейнесіне, шиыршықталуына байланысты атала береді. Сонымен қатар, шеберлер «Қармақ», «Тарақ», «Балдақ», «Су өрнегі», «Қаңқа», «Ботакөз», «Қосалқа» секілді көптеген туындыларды жасаған. Ал «Қаз табан» оюы Маңғыстаудағы құлпытастарда көптеп кездеседі. Мұнда қаздың мойны, басы анық байқалып, қосарланып келеді. Сонымен бірге, тұрмыстық заттардың жиегіне, есіктің жақтауына салынатын түрі де болады. Мұны «Шетою» деп атаған. Мұның ерекшелігі – бір ұшынан басталған өрнек элементі шексіздікке ұласып, қайталана беретіндігі. Бұл Ұлы Дала төсіндегі озық мәдениет пен шығармашылықтың зор көрінісі деуге болады.

Қорық-мұражай қорында сақталған кілем, сырмақ, ұлттық киім, этнографиялық ыдыстан жасалған бұйымдарда, сырға, қапсырма, жүзік, білезік, белдік сынды жәдігерлерден ұлттық нақыштағы ою-өрнектерді кездестірумізге болады.

Қазақтың ою-өрнегін егжей-тегжейлі зерттеген өнертанушы, Өзбекәлі Жәнібеков, Т.К.Бәсенов, Б.А.Әлмұхамбетов,Ұ.М.Әбдіғаппарова сынды ғалымдар бар. Осы ғалымдардың ішінде Өзбекәлі Жәнібековтің шоқтығы биіктігіне ешкімнің дауы жоқ. Ол өзінің «Жолайрықта» кітабында ою-өрнектер хақында: «Қазақ ою-өрнегінің көркем ойдың және оның икемді баламасы – түрдің ғасырлар бойы белгілі бір тәртіппен дамып келгеніне байланысты өзіндігі мен өзгешеліктерін сақтап, бізге жеткені мәлім. Онда елдің тектестік жағынан қалыптасу кезеңіне меңзейтін жайттар да жоқ емес. Мысалы, көне түркілердің түсінігі бойынша құс-көктің, балық – судың, ағаш – жердің белгісі болған. Ал олардың қазақ ою-өрнегінің мақлұқаты, нәубетаты, ғаруштаты, тікесызықты, нышандық, танымдық т.б. сарындарының мазмұнын байыта түскені белгілі» – дейді.

Қазіргі таңда этнография саласын зерттеп жүрген ғалым Ш. Байділдаұлы өзінің «Қазақтың ою-өрнегі» кітабында ою-өрнектерді үш топқа бөледі: 1. Өсімдік тектес (жапырақ, үш жапырақ, ағаш), 2. Зооморфтық (жан-жануарлар), 3. Космогониялық өрнек (дөңгелек, ирек, шимай, тор көз). Айта кетерлігі, шеберлер, тоқымашылар, зергерлер әр затқа түсетін ою-өрнектерді салғанда оны жақсылыққа балағандығын да естен шығармағаны абзал.

Еліміздің туында оюдың болуы да кездейсоқтық емес. Бұл ұлттық нақыш біздің танымымыз бен көркемдік талғамымызды көрсетеді. Қазақ оюы арқылы тарихымызды, мәдениетімізді паш етіп тұр.

Кеңес заманында қазақтың бұл өнері халық жадынан өше бастағанымен, кейінгі жылдары қайта жандана бастады. Қазіргі кезде үй ішін қазақтың ұлттық стилінде безендіру пайда болды. Сонымен қатар, ұлттық оюмен көмкерілген киімдерді киюшілер артып келеді. Әсіресе, бүгінгі күнге лайықталып, киізден басылған камзолдар мен көйлектер сатылымға шыққаны қуантады. Тіпті, ақырындап сәнге де айналып келе жатқандай. Отандық дизайнерлер көшпенділердің көне мәдениетіне қайта бет бұрып, жаңа үлгілерді жарыққа шығаруда. Отандық өнімге көңіл бөлініп жатқан қазіргідей уақытта ұлттық нақышты брендке айналдыру арқылы, елімізді жарнамалап, әлемге танытуға болады. Бабадан қалған сарқытты бүгінмен сабақтастыра алсақ, келешекте қазақты оюына қарап танитын болады.

Текемет

Талап Қалмырзаев

Он бүктеліп ежелден,
Еліңменен бір көштің.
Өтіп қилы кезеңнен,
Не көрсең де бірге өстің, о, текемет.
Бай халықтық сезімге,
Жүрегіндей қызу бар.
Бір халықтың өзінде,
Білегінің ізі бар, о, текемет.
Сүмбіледе жаралған,
Бір жабдықсың керемет.
Табиғаттан нәр алған,
Табиғисың, текемет, о, текемет.
Сұлудағы бұйығым,
Жылудағы озатым.
Жүнжімейтін тұйығым,
Ұлтарақ боп тозатын, о, текемет.
Ғылым озық болса да,
Керек өнер құт елге.
Базарға әкеп қойсам да,
Қоя алмадым дүкенге, о, текемет.
Салт-санамды текемет,
Сақтап келген оюлап.
Айта алмадым, не керек,
Ойда біраз ойым қап, о, текмет.
Куәгері шығарсың,
Сызуы саз аз елдің.
Мен барымда сен барсың,
Шаңсорғышы әжемнің, о, текемет.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы

Бас редактор
Әбдікерім МАНАПОВ

Жауапты хатшы
Дәулет ҚОЖАМҰРАТОВ

Беттеуші-дизайнер
Самат КЕРИМОВ

Редакцияның мекенжайы:
Түркістан қаласы,
Тәуке хан даңғылы,
282 «А» үйі
e-mail: azret-sultan@mail.ru

Байланыс:
8 (72533) 3-23-00

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігінде 2016 жылғы 21 қыркүйекте тіркеліп, №16154-Г куәлігі берілген

Газет айына 1 рет шығады

Индекс 161200

■ Газетке жарияланған материалдарды көшіріп басқан жағдайда сілтеме жасалу міндетті.

■ Автордың мақаласы мен жарнама мазмұнына редакция жауап бермейді.

■ Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

ТАРАЛЫМЫ – 1000 ДАНА

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

«ERNUR-print» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Т.Әлімқұлов көшесі, 22 үй.

Кезекші редактор
Динара АРЫНОВА

Тапсырыс №413